

МРНТИ 15.41.21

<https://doi.org/10.51889/2020-1.1728-7847.47>

Ж.И. Сардарова¹, Ш.И. Джанзакова², Н.Дамуов³, Н.И. Хамзина⁴

¹ «Өрлеу» БАҰО АҚФ ББЖҚБАРИ
Алматы, Қазақстан

^{2,3,4} Х.Досмұхамедов атындағы Атырау мемлекеттік университеті,
Атырау, Қазақстан

БОЛАШАҚ МҰҒАЛІМДЕРДІҢ СЫНДАРЛЫ ОЙЛАУЫН ДАМЫТУ ҚАЖЕТТІЛІГІ

Аңдатпа

Мақала бүгінгі таңдағы өзекті мәселе қазіргі толассыз ақпараттық кезеңдегі үздіксіз ақпарат пен мәтінді сындарлы ойлау тұрғысынан талдап барып қабылдауға, сындарлы ойлауды дамытуға арналған. Авторлар ғылыми-зерттеу жұмыстарына талдау жасай отырып, болашақ мұғалімдерді оқушылардың сындарлы ойлауын дамытуға даярлаудың маңыздылығы мен қажеттілігін және сындарлы ойлаудың құрылымдық мазмұнын, компоненттерін ашуға тырысқан. Сындарлы ойлауды дамыту технологиясы кезеңдері, олардың мақсаты, оқытушының, білім алушылардың әрекеті және білім алушылардың білімдерінің даму механизміне қатысты мәселелер жан-жақты талданған. Күнделікті практикаға сәйкес танымдық тапсырмаларды шешуде сындарлы ойлаудың атқаратын қызметтерін және оны тиімді ұйымдастыруға мүмкіндік беретін психологиялық- педагогикалық шарттар тұжырымдалған.

Түйін сөздер: сындарлы (сыни) ойлау), ақыл-ой қызметі, толассыз ақпарат, талдау, бағалау, рефлексивті ойлау, объективті тұжырым

Sardarova Zh.I¹, Janzakova Sh., Damuov N.G³, Khamzina N.I.⁴

¹RIDSES NSPD " Orleu»

*^{2,3,4} H. Dosmukhamedov Atyrau state University
Atyrau, Kazakhstan*

THE NEED TO DEVELOP CONSTRUCTIVE THINKING OF FUTURE TEACHERS

Abstract

The article is devoted to the topical problem of today's information society-critical understanding and analysis of the flow of information, text, and the development of critical thinking. Based on the analysis of research papers, the authors tried to reveal the importance and necessity of training future teachers to develop students' critical thinking, the structural content and components of critical thinking. The stages of critical thinking development technology, their purpose, actions of the teacher, students, and issues related to the mechanism of students' knowledge development are comprehensively analyzed. In accordance with everyday practice, psychological and pedagogical conditions are formulated to effectively organize and effectively implement critical thinking in solving cognitive tasks.

Keywords: critical thinking, mental activity, information flow, analysis, evaluation, reflexive thinking, objective conclusions

Сардарова Ж.И.¹, Джанзакова Ш.И.², Дамуов Н.Г.,³ Хамзина Н.И.⁴

¹ ФАО НЦПК «Өрлеу» РИПК СО, Алматы, Қазақстан

*^{2,3,4} Атырауский государственный университет им. Х.Досмұхамедова
(Атырау, Казахстан)*

НЕОБХОДИМОСТЬ РАЗВИТИЯ КРИТИЧЕСКОГО МЫШЛЕНИЯ БУДУЩИХ УЧИТЕЛЕЙ

Аннотация

Статья посвящена актуальной проблеме сегодняшнего информационного общества - критическому осмыслению и анализу потока информации, текста, развитию критического мышления. На основе анализа научно-исследовательских работ, авторы старались раскрыть важность и необходимость подготовки будущих учителей к развитию критического мышления учащихся, структурное содержание и компоненты критического мышления. Всесторонне проанализированы этапы технологии развития критического мышления, их цель, действия преподавателя, обучающихся и вопросы, касающиеся механизма развития знаний обучающихся. В соответствии с повседневной практикой сформулированы психолого-педагогические условия, позволяющие эффективно организовать и эффективно реализовать в критическое мышление в решении познавательных задач.

Ключевые слова: критическое мышление, умственная деятельность, поток информации, анализ, оценка, рефлексивное мышление, объективные выводы

Зерттеулерге сүйенсек, бүгінгі адам бір ай ішінде XVII ғасырдағы адамның бүкіл өмір бойы жинақтайтын ақпараттын қабылдап, өндейді. Әлемдегі ақпараттың әрбір екі жыл сайын екі есеге артуы оны қабылдап, үйрену мүмкін еместігін және пайдасыз екендігін дәлелдеп отыр. Алдыңғы қатарлы экономика білім мақсаттарының «білетін адамнан» – «шығармашылық тұрғыда ойлайтын, әрекет етуге, өздігінен жетілуге қабілетті адам» үлгісіне ауысуын талап етуде. Сол себепті де бүгінгі таңда толассыз ақпаратты сыни тұрғыда талдау арқылы оны қабылдауға қабілетті, құзыретті маман дайындау қажеттілігі басты мәнге ие болуда.

Қазіргі таңдағы білім беру парадигмасының өзгеруі, яғни «өмірлік білім алуын» орнына «өмір бойы білім алуға» көшу, білімнің құндылық, нәтиже ретіндегі сипаты артуы жағдайында білім алушылардың сындарлы ойлау қабілетін дамыту басты мәнге ие болуда. Деректерге сүйенсек, қазақстандық оқушылардың халықаралық зерттеулерге қатысуы оқушылардың тек 25% пайызы ғана логикалық ойлау үшін қажетті дағдыларға ие екендігін көрсетті. ЭЫДҰ мәліметтері бойынша, қазақстандық оқушылардың PISA халықаралық зерттеулеріне қатысу нәтижелері және TIMSS оқушылардың Блум таксономиясы бойынша білім деңгейі мен түсіну сұрақтарына жақсы жауап беретіндігін байқатты. Алайда жоғары деңгейдегі – талдау, жинақтау және бағалау сұрақтарына жауап беру кезінде қиындық туғызатындығы және оларға сыни ойлауды дамыту арқылы қол жеткізе алуға болатындығы анықталды [1,2].

Ақылдың сындылығы – бұл адамның өзінің және өзгенің ойын объективті бағалай білуі, барлық ұсынылған ережелер мен қорытындыларды мұқият және жан-жақты тексеру қабілеті.

Сындарлы ойлауды дамыту қажеттілігін біздіңше, өзіне тән мүмкіндіктерімен сипаттауға болады, атап айтсақ, жеке тұлғаға жеке және кәсіби өмірде өзінің басымдықтарын анықтауға көмектесуі; жасалған таңдау үшін жеке жауапкершілікті қабылдауды анықтауы; ақпаратпен жұмыс істеудің жеке мәдениетінің деңгейін арттыруы; талдау және дербес қорытынды жасай білуді қалыптастыруы; өз шешімдерінің салдарын болжауды және оларға жауап беруге дағдыландыруы; бірлескен қызметте диалог мәдениетін дамытуға мүмкіндік беруі.

Болашақ мұғалімдерді оқушылардың сындарлы ойлауын дамытуға даярлау маңыздылығы мен қажеттілігін оның ең алдымен, білім алушылардың өзін-өзі бағалау, бақылау және өз іс-әрекетін жоспарлау арқылы өз бетімен білім алуға жетелейтін метакогнитивті қабілеттері мен біліктерін дамытуымен түсіндіре аламыз. Яғни бүгінгі тез өзгермелі әлемде білім алушылардың практикалық әрекетіне аса қажетті ақпаратты сауатты талдау және бағалау дағдыларын жетілдіруі. Бұл өз кезегінде болашақ мұғалімдерді оқушылардың сындарлы ойлауын дамытуға даярлау мәселесінің бүгінгі тез өзгермелі ақпараттық қоғам жағдайындағы өзектілігін дәлелдей түседі.

Бүгінгі жаңартылған білім беру жағдайында мектеп білім мен мәдениеттің өзіндік деңгейін үздіксіз арттыруға, өзіне және қоғамға пайда келтіруге және үнемі өзгеріп отыратын әлемде табысты болуға қабілетті жоғары адамгершілік, шығармашылық сыни ойлы тұлғаны тәрбиелеуге, оқытуға және дамытуға тиіс. Сыни ойлауға оқытудың негізгі мақсаты - әлеуметтік, ғылыми және практикалық мәселелерді тиімді шешу үшін ойлау құзыреттілігін кеңейту, сондай-ақ жаңа идеяларды, инновацияларды ұсынуды ынталандыру. Сын тұрғысынан ойлаудың басты мәнділігі біздің көзқарасымызша – бұл қоршаған шындыққа ойланып қарау, алынған ақпаратты табу және объективті бағалау, түрлі көзқарастарды салыстыру және талдау, қоғамдық құбылыстардың күрделілігі мен қайшылығын түсінуге баулуы. Сондықтан да сындарлы ойлаудың дамығандығының маңызды көрсеткіштерін оның тиімділігі мен тәуелсіздігі, адамның логикалық және қарама-қайшы емес ойлау қабілеті, қойылған міндеттерді тез және шығармашылықпен шеше білу, дұрыс салыстырулар жасау, негізделген қорытындылар қалыптастыру, салмақты шешімдер қабылдаумен өлшей аламыз.

Сын тұрғысынан ойлауды немесе сындарлы ойлауды зерттеу мен дамыту психология және білім беру саласында көп жылдар тарихын қамтиды. 1933 жылдың өзінде-ақ американдық жаңашыл педагог Джон Дьюи "адамды ойлауға үйрету" білім беру жүйесінің басты міндеті болып табылатындығын атап өткен болатын.

Психология-педагогика ғылымында "сыни ойлау", "аналитикалық ойлау", "логикалық ойлау", "шығармашылық ойлау" сияқты аралас ұғымдар кең қолданылады. Бұл сонымен қатар Дж.Бруннер, Л.С.Выготский сияқты белгілі психологтардың еңбектерінде орын алған. Бұл өзара шектес ұғымдарды ажырату қажет. Шығармашылық ойлау- субъективті жаңа өнім жасаумен және оны жасау бойынша ең танымдық іс-әрекеттегі жаңашылдықтармен сипатталатын ойлау түрлерінің бірі. Шығармашылық ойлау репродуктивті ойлау деп аталатын дайын білім мен білікті қолдану процесінен ерекшеленеді. Аналитикалық ойлау – бұл ақпаратты талдау және шешім қабылдау кезінде логиканы пайдалану. Логикалық ойлау-бұл абстрактілі ұғымдармен жұмыс істей білу, бұл басқарылатын ойлау, бұл талдау жасау арқылы ойлау, бұл логика заңдарын қатаң ұстану, бұл себеп-салдарлық байланыстарды мінсіз құру. Ойлаудың барлық осы түрлері синтезде дамиды, өзара шарттасады [3].

"Сыни ойлау" термині бұрыннан белгілі болғанымен, тәжірибе жүзінде ол педагогтардың кәсіби тілінде жақында ғана қолданыс таба бастады. Бүгінгі таңда түрлі ғылыми зерттеулерде "сыни ойлау"терминінің әртүрлі анықтамаларын кездестіруге болады. Ол бұл ұғымның бірімәнділік жоқтығымен сипатталады. Осыған байланысты әдебиеттерде кейбір сыншылдардың сыни ойлау – бұл тек сәнге деген құрмет, ол ерте ме, кеш пе өтеді деген сенімсіздік көзқарасы да кездеседі.

Ресей психологтары Б.В.Зейгарник және И.А.Кудрявцевтің пікірінше, сындарлы ойлайтын субъект өзінің іс-әрекетін, басқалардың іс-әрекетін, нақты жағдайлардың объективті сәттерін дұрыс бағалауға мүмкіндік беретін деңгейлік құрылымы бар «орталық, тұлғалық білім» ретінде қарастырылады, ол жеке тұлғалық тандауын ішкі негіздей отырып, жалпы өз мінез-құлқын реттеу мүмкіндігін шарттайды. Б.В. Зейгарник ойлау сындарлығы мінез-құлқтың реттеушісі ретінде, жеке мотивациялық саланың сақталу көрсеткіші ретінде. қарастырылады. Ал И.И.Кожуховская ойлаудың сыншылдығын "адамның тұлғалық қасиеттерінің шыңы"деп анықтайды. Автор өз іс-қимылдарына үнемі бақылау жасаудың және жіберілген қателіктерді түзетудің болмауы ойлаудың сыншылдығының бұзылуы, яғни мінез-құлқтың бұзылуын білдіреді. Сол себепт іде сындарлы ойлау мінез-құлқтың реттелуін қамтамасыз ететін және адамның әлеуметтік бейімделу деңгейін іс жүзінде анықтайтын маңызды тұлғалық қасиеттердің бірі болып табылатындығын баса көрсетеді [3].

И.А. Кудрявцевтің, М.Б. Ерохинаның пайымдауынша, сындарлы ойлау орталық тұлғалық білім беру болып табылады, сол арқылы өзара тұлғалық мағыналар мен қоғамдық қалыптасқан әлеуметтік мәндер байланыстырылады. Сыншылдық-субъектінің мінез-құлқындағы жеке және әлеуметтік арақатынасын ескере отырып, қызметті ұйымдастыруға мүмкіндік беретін құрылғы.

О.Ф. Керимовтың зерттеуінше, ойдың сындарлығын орнату түсінігі қарама-қайшылықтарды, сәйкессіздіктерді анықтауға дайындық ретінде қарастырылады. Автор ойлаудың бастапқы механизмі ретінде ойлаудың сындарлығын білдіреді, ол келесі тізбе бойынша жүзеге асады: ойлаудың пайда болу процесінің алғашқысы сыншылдық болып табылады, ол күмән эмоциясын туындататын өзектілік, ал соңғысы сезімге танымдық қарама-қайшылықты тудыруды білдіреді, сол арқылы ойлау механизмін қамтиды.

Сындарлы ойлауды зерттеуге арналған психологиялық ғылыми-зерттеу жұмыстарына талдау, бізге негізгі үш бағытты анықтауға мүмкіндік берді:

- 1) сындарлы ойлау – ақыл-ой әрекетіне әсер ететін жеке тұлғаның өзіндік қасиеті;
- 2) сындарлы ойлау – сыртқы әрекет қорытындысы ретінде көрініс беретін жинақталған білімі сапа;
- 3) сындарлы ойлау – ақыл-ой іс-әрекетінің білігі, дағдысы [3].

Джоуди А. Браус пен Дэвид Вуд сыни ойлауды шешім қабылдауда неге сену керек және не жасау керектігіне шоғырланған ақыл-ойға негізделген рефлексивті ойлау ретінде анықтайды. Олардың тұжырымдауынша, сын тұрғысынан - бұл дұрыс мәнін іздеу, яғни өз көзқарасын, сондай-ақ өзгелердің де пікірлерін ескере отырып, объективті шешім қабылдау және қисынды әрекет ету; қалыптасқан өз көзқарасынан бас тарта алу. Сонымен қатар жаңа идеяларды ұсына алатын және про-блемаларды шешуде айтарлықтай жаңа мүмкіндіктерді көре алатын сыни ойлау болып табылады [4].

Д.Халперннің пікірінше, біз сын тұрғысынан ойлаған кезде өз ойлау үрдістерінің нәтижелері бағалаймыз, яғни қаншалықты дұрыс қабылданған шешім немесе алға қойған міндеттерімізді қаншалықты табысты орындай алдық. Ғалымның пайымдауынша, оқушы өзінің сыни ойлау мүмкіндіктерін пайдалана алуы үшін маңызды қасиеттерді дамытуы маңызды, олар:

1. Жоспарлай алу дайындығы. Көбінесе ойлар жиі ретсіз орналасады. Оларды ретке келтіру және қандай ретпен баяндауды шешу маңызды. Өйткені ойдың реттілігі-ол сенімділік белгісі.

2. Икемділік. Егер оқушы басқалардың ойын қабылдауға дайын болмаса, ол ешқашан идеялар, ойлар генераторы бола алмайды. Икемділік әртүрлі ақпараттарды меңгергенге дейін өзіндік пайымдау жасауды күтуге мүмкіндік береді.

3. Табандылық. Қиын міндетке жиі тап бола отырып, біз оның шешімін кейін кейінге қалдыруды шешеміз. Ақыл-ой кернеуінде табандылықты қалыптастыра отырып, оқушы міндетті түрде оқытуда жақсы нәтижелерге қол жеткізеді.

4. Өз қателіктерін түзетуге дайын болу. Сыни ойлаушы адам өзінің дұрыс емес шешімдерін мойындауға, дұрыс қорытынды жасауға, оқуды жалғастыру үшін осы қатені пайдалануға тырысады.

5. Ұғыну. Автордың тұжырымдауына бұл өте маңызды сапа, өйткені ол ойлау іс-әрекеті үдерісінде өзін бақылай алуға, ойдың жүру барысын қадағалауға көмектеседі.

6. Ымыралы (компромисті) шешімдерді іздеу. Қабылданған шешімдерді басқа адамдардың қабылдауы маңызды, әйтпесе бұл шешімдер пікір деңгейінде қалады [5].

Сонымен қатар Д.Клустер кейбір мұғалімдердің сыни ойлауды есте сақтау, түсіну және шығармашылық, интуитивті ойлау үдерістерімен байланыстырудан сақтандырады. Жад дамуының барлық маңыздылығын ескергенмен, есте сақтау ойлау емес. Ақыл-ойдың дамуы көп жағдайда жадты пайдаланумен емес, дербес ойлаудың дамуымен байланысты және осы үш ойлау операциялары сыни ойлауға қажетті алдын ала шарттар болып табылады.

Демократиялық білім беру орталығының атқарушы директоры С.Мирсеитованың тұжырымдауына, біз кез келген ақпаратты сыни тұрғыдан қабылдаймыз, яғни талдай, өлшей отырып және жағдайға сәйкесті таңдап, қолданып, біз өзіміз ұсынатынымыздағы іс-әрекетке үнемі талдау жасап, сыни тұрғыдан қараймыз. Бірақ біз өзімізден өзгеше басқа пікірді сынға алмаймыз, әркім өзіндік пікіріне ие және кез келген көзқарасқа құрметпен қараймыз, тыңдап, саралап білеміз және қажет болған жағдайда қисынды және әдепті дәлелдеу жасай аламыз.

Бұл анықтамаларды саралай отырып, барлығының сыни ойлау үшін логикалық ой-пікірлерді құру, өзара келісілген логикалық модельдерді жасау және қандай да бір пікірден бас тартуға, онымен келісуге немесе оны қарауды уақытша кейінге қалдыруға қатысты негізделген шешімдерді қабылдау тән екендігін байқай аламыз.

Сыни ойлау немесе сындарлы ойлауға қатысты шетелдік, қазақстандық ғалымдардың берген анықтамаларына сүйене отырып, біз сындарлы ойлау – бұл объективті тұжырым жасауға, ақылға қонымдылықпен логикалық әрекет етуге, кез келген нәрсеге түрлі көзқарас тұрғысынан қарауға және мәселені шешудің жаңа мүмкіндіктерін, қырын ашуға көмектесетін рефлексивті, бағалаушы ойлау деген анықтаманы қолдаймыз.

Ресейлік зерттеу жұмыстарында бүгінгі ақпараттық қоғам жағдайында сыни ойлау тәжірибесінің жоғары білім мазмұнындағы орнын баса көрсете келе, оны қалыптастыру құрылымын төрт компонентке сәйкес қарастырады, олар:

- білім, зияткерлік;
- практикалық дағдылар;
- шығармашылық қызмет тәжірибесі;
- эмоциялық – құндылық компоненттері.

Сындарлы ойлауға оқытудың білімдік компоненті сындарлы ойлаудың мәні мен ерекшеліктерін ашатын ұғымдарды, логика ережелері, талдау, қорыту, салыстыру, жіктеу, сыни ойлауды қалыптастыру тәсілдері, сыни және шығармашылық ойлаудың ұқсастығы мен айырмашылықтары туралы түсініктерді қамтиды. Сындарлы ойлауды сипаттайтын зияткерлік біліктерде: проблеманы анықтай білу, ақпаратта қамтылған тұжырымдар мен дәлелдерді талдай білу, қарама-қайшылықтарды анықтау, сенімділікті, ақпарат көздерін бағалау үшін өлшемдер әзірлеу, негізгі және екінші дәрежелі фактілерді көрсете отырып, электрондық көздермен жұмыс істеу, себептік-тергеу байланыстарын салыстыру, қорыту, белгілеу, фактілерді, құбылыстар мен процестерді жіктей білу және ақпаратпен жұмыс барысында эвристикалық, проблемалық әдістерді пайдалану білігі ерекше маңызға ие болады.

Шығармашылық қызмет тәжірибесін меңгеру игерген білім мен дағдыларды өз бетімен стандартты емес жағдайда қолдана алуы, ақпараттық технологиялар көмегімен шығармашылық тапсырмаларды құрып және шеше білу білігі, өзін болашақ кәсіби қызметтің субъектісі ретінде ұғына білуі, өз бетімен білім алу стратегиясын жобалау және жүзеге асыруды көздейді. Эмоциялық-құндылық компонент әр түрлі көзқарас тұрғысынан фактілер мен құбылыстарды талдау қажеттігіне сенімділікті, сынға оң

көзқарасты, өзін-өзі сыншылдықты, оппоненттің дәлелдері мен дәлелдерін құрметтеуді, ой-пікірлерді және мінез-құлықты өзіндік бағалауды, қоғамда қабылданған адамгершілік және мәдени құндылықтарды ескере отырып алынған ақпаратты бағалауды қамтамасыз етеді.

С. И. Заир-Бектің тұжырымдауына, сын тұрғысынан ойлауды дамыту технологиясы арқылы білім алушылардың білімдерінің даму механизмі келесі мазмұн құрайды:

- бар білімді өзектендіру, жетіспейтін білімді және қиындықтарды анықтау, сұрақтарды құрастыру, қорытынды – оқу іс-әрекеті мақсатын қоюы;
- жаңа ақпаратпен танысу, оны бар біліммен сәйкестендіру, алдыңғы қойылған сұрақтарға жауап іздеу, қиындықтарды, қарама-қайшылықтарды анықтау, мақсаттарға түзету енгізуі;
- жаңа ақпаратты жүйелеу және біріктіру, оны бағалау, алдыңғы қойылған сұрақтарға жауап, сұрақ құрастыру, оқу іс-әрекетінің жаңа мақсаттарын қоюы [6].

Біздің тұжырымдауымызша және практика көрсетіп отырғандай, сындарлы ойлауды дамытудың басты көрсеткіші – бұл дивергентті ойлаудың дамуы, яғни мәселені әр қырынан қарастыра алу, бірнеше шешімін таба білу. Дивергентті ойлау – ол берілген бір мәселенің көптеген шешімдердің стратегиясын жинақтауына негізделген ойлау пішіні.

Сол себепті де танымдық тапсырмаларды шешуде сындарлы ойлау келесі қызметтерді атқарады:

- *ынталандыру*, яғни студенттің жаңа идеяларды және шешімдерді өз бетімен ғылыми-іздену қажеттілігін қалыптастыруы;
- *бағалау-тексеру қызметі*, жаңа ақпаратты бағалауы, оның тиімді және тиімсіз жақтарын табу, жасалған шешімдердің дұрыстығын дәлелдеуі;
- *түзету қызметі*, қалыптасқан сындарлы ойлау жаңа ақпаратты іздеу аумағын нақтылауға көмектеседі, ол өз кезегінде туындаған мәселені тез шешуге ұмтылуы;
- *болжам жасау қызметі*, өз іс-әрекет нәтижесін бағалауы;
- *мәселенің бірнеше шешімін тауып*, әр қырынан талдай алуы.

Дамыған сындарлы ойлау болашақ мамандардың іс-әрекеттің түрлі тәсілдерін меңгертуге, жедел шешім қабылдауға, практикада меңгерген білімді практикада қолдануға, жаңа білім игеруге ынталандырады. Сондықтан да олардың сындарлы ойлауын дамытуда оқытушы продуктивті диалогты жүзеге асыруға қажетті қасиеттерді қалыптастыруға жете назар аудару қажеттігі, атап айтқанда, әңгімелесуші адамға деген құрмет, өзге адам пікіріне шыдамдылық, даулы мәселелерді талқылаудағы икемділікті ескеру. Оның басты мәнділігі мен тиімділігі – оқу үдерісін шынай өмірге жақындатуға үлкен мүмкіндік туғызып, болашақ мамандардың алған білім, дағдыларын өмірде оқу және практикалық тапсырмаларды шешуде қолдана алуларына көмектесуі.

Қорыта айтқанда, ғылыми білімнің қарқынды өсуі, өркениетті дамытудың қазіргі кезеңінде ақпарат алудың жаңа тәсілдерінің қарқынды таралуы, білім алушылардың келіп түскен ақпаратты сындарлы ойлау тұрғысынан талдауға, осы негізде дәлелденген ұстанымдар тұжырымдауға, гуманистік құндылықтар шеңберінде алған білім мен біліктерді шығармашылықпен қолдануға үйрету маңыздылығын дәлелдеп отыр. Осыған орай, біздіңше, болашақ мұғалімдердің сындарлы ойлауын дамытуға бағытталған сабақтағы оқытушының басты міндеті – оған қажетті психологиялық-педагогикалық шарттарды құра білуі тиіс, атап айтсақ,

- біріншіден, шығармашылық ізденіске, ойлауға жетелейтін белсенді оқыту әдіс-тәсілдерді, инновациялық технологияларды кеңінен қолдану;
- екіншіден, сабақта әрбір білім алушының өз ойын еркін айтуына қажетті ерекше жағымды психологиялық ахуал тудыру, ынтымақтастық атмосфера орнату;
- үшіншіден, оқытушының және білім алушылардың бір-бірінің пікіріне құрметпен қарап, сын айтудан қашық болу;
- төртіншіден, білім алушылармен бірлесе отырып, өзара бірлескен тәжірибе алмасу жұмыстарына қолдау көрсету;
- білім алушылардың өзі-өзін көрсету, өз пікірін сауатты, дәлелді түрде жеткізе білу білігін дамыта отырып, кез келген жағдаятқа үйлесімді бейімделе алу, көшбасшылық қабілеттерін қалыптастыруға қолайлы психологиялық ахуал туғызу.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. *Основные результаты международного исследования образовательных достижений 15-летних обучающихся PISA - 2012. / А.Култуманова и др. – Астана: НЦОСО, 2013. – 283 с.*

2. *Результаты международного исследования TIMSS-2011: Национальный отчет. – Астана: НЦОСО, 2013. – 237 с.*
3. *Шамис В.А. Развитие критического мышления младших школьников: автореферат дис.канд.пед.наук. – Казань, 2005. – С.15*
4. *Дж.А.Браус и Д.Вуд. Инвайронментальное образование в школах: Пер. с англ. – НААЕЕ, 1994.*
5. *Халперн Д. Психология критического мышления Д. Халперн. - СПб.: Питер, 2000. 512 с.*
6. *Заир-Бек С.И., Муштавинская И.В. Развитие критического мышления на уроке. – М.: «Просвещение», 2004. – 243 с.*